

**6D010300- «Педагогика және психология» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін А.К. Махадиеваның  
«Ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женуді  
психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу» тақырыбында  
диссертациясына**

**ПІКІР**

Еліміздің тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашак» Жолдауында: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс - бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» - деген болатын. Инклюзия –денсаулық мүмкіндігі шектеулі оқушылардың өз күшіне деген сенімін арттыру арқылы оларды басқа балалармен бірге мектепке баруға уәждеу талпынысы десек, қоғамда инклюзивті білім беру ортасы құрылып жатыр. Ал, баланы әлеуметтік ортаға бейімдеуде ата-ананың орны ерекше екендігін ескерсек, алдымен ата-анаға психологиялық-педагогикалық көмек кажет. Отбасы-бұл баланы әлеуметтендірудің бірінші көзі, балаға әсер ететін және оның одан арғы өмірін нақты айқындайтын неғұрлым күшті психикалық фактор. Мамандардың айтуынша, наукас баланың тууы отбасы үшін өзіндік сынақ болып табылады, ал мүгедек баланы тәрбиелеу және күту үдерісі ата-аналарды ұзартылған стреске түсіреді. Баланың кемістігінің ауырлығы ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамда психикалық және физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты орын алатын белгілі бір стереотиптер де ата-аналардың стрестік күйінің себебі болып табылады. Олай болса, диссертациялық зерттеу жұмысы аутист баланы тәрбиелеп отырған отбасындағы стресті женуде «әке-ана-бала» қарым-қатынас жүйесін қалыптастыруда өзекті.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, ізденуші зерттеу тақырыбының теориялық-әдіснамалық мазмұнын айқындауда алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаған. Ізденушінің қол жеткізген әдістемелік тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық денгейі жоғары екені күмән келтірмейді. Авторлың қол жеткізген нәтижелері:

- ата-ана мен аутист бала қарым-қатынасының теориялық негіздері мен психологиялық-педагогикалық аспектілері сараланып, «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесі» ұғымы анықталды;
- «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесінің іске асырылуындағы амалдары айқындалды;
- «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресс және оның салдары жіктелініп, ата-аналардың қолданатын қопинг стратегиялары сараланды;
- «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женудің психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу моделі құрастырылды;
- «ата-ана мен аутист бала» қарым-қатынас жүйесіндегі стресті женуді

диагностикалап, әзірленген модельді эксперименттік тұрғыдан тексеріп, және ұсынылып отырған әдістемелік құралын тәжірибеге ендіргенін жатқызуға болады. Әдістемелік құрал ерекше баланы тәрбиелеу мен оқытуда ата-аналарды акпараттандыру және психологиялық қолдау көрсетуде аутист балалармен жұмыс істейтін психолог, педагог-психолог, дефектолог мамандарға, ЖОО студенттеріне өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Осы өзекті мәселені зерттеу барысында А.К. Махадиеваның бойындағы зерттеушілік, еңбекқорлық, табандылық, ізденімпаздық, шығармашылық, жауапкершілік, дербестігі сияқты жеке қасиеттері негіз болды.

Диссертацияның өзектілігі, зерттеу нысаны, зерттеудің мақсаттары мен міндеттері, зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы, зерттеу әдістері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылған тұжырымдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті» ережелері талаптарына сай жазылған, дербес орындалған жұмыс деп есептеп, оның авторы Махадиева Асель Каатаевнаға 6D010300- «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**

**С.Торайғыров атындағы ПМУ,  
«Психология және педагогика»  
кафедрасының менгерушісі  
п.ғ.к., профессор**

**А.А. Кудышева**



«С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ»	
<u>А.А. Кудышева</u> қолын растаймын	
ПОДПИСЬ	ЗАВЕРЮ
ҚББ БАСТЫГЫ/НАЧАЛЬНИК ОУП <u>А.А. Кудышева</u>	
«ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.С.ТОРАЙҒЫРОВА»	